

# ЛЕНИН ТУЫ

ККП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ККП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 63 (9125) | 1953 жылғы 25 март Сәрсенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйым

## Көктемгі егіске әзірлік қарқынын күшейте берейік

Партияның XIX съезі социалистік ауыл шаруашылығын, оның ішінде егін шаруашылығын онан сайын өркендету берудің айбынды программасын белгілеп берді. Демек, барлық ауыл шаруашылық дақылдарының өнімін еселеп арттырудың шараларын көрсетті. Бұл аса маңызды міндетті бұлжытпай жүзеге асыру ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің ардақты борышы.

Партия мен үзегіміздің алға қойып отырған бұл құрметті және жауапты міндетін ойдағыдай орындау әрбір колхоз, МТС, совхоздың көктемгі егіске барлық жағынан мұқият әзірленуіне және оны үлгіі өткізуіне байланысты. Олай болса көктемгі егіске әзірліктің үлкенді-кішілі жұмыстарының барлығына да ерекше назар аударып, оның барысына қызу қарқын туғызу керек.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздары мен совхоздары көктемгі егіске әзірлікте едәуір жұмыс істеді. Оларда егіншіліктің мәдениетін арттыру, дақылдың барлық түрінен тұрақты және мол өнім алу жолындағы социалистік жарыс кең өріс алып келеді. Егіншілердің көзеп отырған мақсаты — егіске тыңғылықты әзірлену арқылы, оны агротехникалық қысқа мерзімде өткізу. Сөйтіп, елімізде азық-түлік молшылығын жасау күресіне өздерінің келелі үлестерін қосу.

Осы мақсатпен Совет ауданындағы Ленин атындағы колхоздың колхозшылары көктемгі егіске әзірлікті ерте қолға алып, колхозды қажетті тұқыммен қамтамасыз етті. Тұқым тазалау және ауылшаруашылық құрал-саймандарын жөндеу ісіне колхозшылар белсене қатынасты. Көп егістік алаңға қар тоқтатылды. Кәзір бұл колхоз егіске барлық жағынан тыңғылықты әзірленіп отыр.

Возвышен совхозының екінші бөлімшесінің коллективі де көктемгі егіске әзірлік жұмыстарын күннен-күнге қыздыра түсуде. Бұл бөлімшенің жөндеушілері Ткачев, Буц, Вехтор және басқа да жолдастар 18 сеялка, 19 ат-пугі, 10 культиватор, 15

пан Разин атындағы, Ворошилов атындағы, Киров атындағы, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарының бірде-бірінде егіске әзірлік жұмыстары әлі күнге аяқталған жоқ. Бұл колхоздарда тұқым тазалау, ауылшаруашылық құрал-саймандарын жөндеу, жұмыс көліктерін күтуге қою сыяқты жұмыстар мүлдем сылбыр жүргізіліп келеді.

Колхоздардағы осы төзгісіз жағдайды аудан басшылары білмейді деп айтуға болмайды. Бірақ, аудан басшылары, ең алдымен аудандық ауылшаруашылық бөлімінің қызметкерлері егіске әзірлік жұмыстарын ескерусіз қалдырып, колхоздарға, МТС-терге нақтылы басшылық етуді қамтамасыз ете алмай отыр. Аудандық ауылшаруашылық бөлімінің қызметкерлері колхоздарға, МТС-терге барып істің жайымен жете танысудың, тиісті көмек көрсетудің орнына, кейде отырып басшылық етуді, түрлі мәліметтер жыйнаумен шұғылданады.

Көктемгі егіске әзірлік жұмысына басшылық етудегі осындай жарамсыз стиль Ленин, Преснов аудандарына да бар. Бұл аудандарда да егіске әзірлік тиісті дәрежеде емес. Аудандық партия комитеттері мен атқару комитеттері өздерінің мәжілістерінде егіске әзірлік мәселелерін талқыламайды деп айта алмаймыз. Бірақ, сол мәжілістерде белгіленген шаралардың, алынған қаулылардың колхоздар мен МТС-терде және совхоздарда қалай орындалып жатқандығы кезінде бақыланылып отырылмайды. Мұның ақыры колхоздар мен МТС-терге және совхоздарға жасалып отырылған басшылықтың нашарлауына әкеліп соғады.

Егіске әзірліктің алуан түрлі салалары бар. Қыс күндері көп егістік алаңға қар тоқтатылды, жергілікті тыңайтқыштар дайындалды, көктемгі қар суың бөгеуге әзірлік жүргізілді. Бірақ, бұл жұмыстар барлық жерде бірдей толық аяқталған жоқ. Сондықтан жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары

## Көктем егісіне әзірлік тез және сапалы аяқталсын

### Жұмыс өнімділігін арттырамыз

Өткен жылы менің басқаруымдағы № 6 бригада «Путь 12 Октября» колхозында жұмыс істеді. Әрбір трактормен тәулігіне 13—14 гектардан жер жұмыстадық. Сөйтіп, трактор жұмыстарының жылдық жоспарын 120 процент егін артығымен орындадық. Көптеп жанар, жағар майын үнемдеп, ол маймен жұмыс істедік. Біз алдағы көктемгі егістің қамын ерте ойластырып, зыб мен пар жыртуды тыңғылықты жүргіздік. Кәзір бригада жұмыс істеген колхозда 1400 гектар даяр жер бар. Демек, колхоз быйыл дәнді дақылдарды негізінен даяр жерге себеді.

Бұл табыла қалай жеттік? Тракторлар мен тіркеу саймандары дала жұмыстарына мерзімінде және сапалы әзірленді. Бүкіл маусым бойына тракторларды жоғары техникалық күтімде ұстадық, олардың әрбір сменада өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз еттік.

Біздің МТС-те тракторлар тораптық әдіс бойынша жөндеуде. Бұл машиналардың сапалы және тез жөндеуіне қолайлы жағдай туғызып отыр. Бригаданың барлық мүшелері кәзір трактор жөндеуде жұмыс істеп жүр. Әрқайсымыздың жұмыс орнымыз бар. Әрқайсымыз әр түрлі жұмыс атқарамыз. Бригада механизаторларының көпшілігі монтаж цехында жұмыс істейді. Олардың әрқайсысы жұмыс орындарында уақытты дұрыс пайдаланып, бүгінгі норманы артығымен орындайды. Осымен бірге өзіміздің қолымыздан өтетін трактор бөлшектерінің сапалы жөндеуін, әзірленуіне зер саламыз.

Біз мастерскәйға кемінде жарты сағат бұрын келіп, жұмыс орнын әзірлейміз. Материалдар мен жөндеу құрал-жабдықтарын дайындап, жұмыс орнына жеткізіп аламыз да смена бойына үздіксіз еңбек етеміз. Бұл өнімді жұмыс істеуімізге, трактор бөлшектерін сапалы жөндеуге

Біз колхоз құрылысын барынша нығайта беруге, совет елінің барлық колхоздарын онан әрі өркендетіп, гүлдендіре беруге, жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың одағын нығайтуға тиіспіз.

Г. М. МАЛЕНКОВ.

### Октябрь ауданында көктемгі егіске әзірлік нашар

Көктемгі егістің басталуына санаулы ғана күндер қалды. Демек, барлық жерде көктемгі дала жұмыстарына әзірлікті аяқтайтын мезгіл жетті. Алайда, Октябрь ауданының көптеген колхоздарында егіс жұмыстарына әзірліктің жайы өте-өте нашар болып отыр. Ауданның колхоздарында көктемгі егіске әзірлік жұмыстарына қолда бар күш-мүмкіншілік түгел жұмылдырылмай келеді.

Мәселен, ауданның Степан Разин атындағы колхозында тұқым тазалайтын бір ВММ машинасы және 4 триер бар. Бірақ, деп тазалайтын бұл машиналар жұмысқа толық пайдаланылмай келеді. Соның салдарынан мұнда тұқым тазалау, сорттау және оны өңгіштік сапаға жеткізу ісі ойсыраған олқылыққа ұшырап отыр. Мұнда қолда бар тұқымдық дақылдардың төрттен бірі ғана тазалаудан өтті. Мұның өзінің 650 центнері сапасыз тазаланған, өңгіштік дәрежеге жеткізілмеген.

Бұл колхозда егістік алаңға қар тоқтату және тыңайтқыш заттар дайындау жұмыстары да баяу жүргізілуде. Тұрасын айту керек, колхоз басшылары (председателі Радченко жолдас) егін өнімін арттырудың мұндай маңызды шараларына жете көңіл бөлмей келеді. Сондықтан бұл жұмыстарға күш-мүмкіншілік жеткізілмей бөлінді. Күні бүгінге дейін мұнда небары 100 гектардай егістік жерге қар тоқтатылды. Тыңайтқыш заттардан бар болғаны 5 центнер күл, 2 центнер күс саңырағы ғана жыйналды.

Көктемгі егіске әзірлік «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында да (председателі Қурманғожин жолдас) нашар. Мұнда тыңайтқыш заттар дайындау, егістік алаңға қар тоқтату сынды егін өнімін арттырудың аса маңызды шараларын жүзеге асыру мүлде қолға алынбаған. Ол-ол ма, тұқым тазалау, сорттау және оны өңгіштік

лік мол. Бірақ, не пайда колхоз басшылары жайбарақаттыққа салынып, қолда бар күш-мүмкіншіліктерді толық іске қосуды қамтамасыз ете алмай келеді. Көктемгі егістің басталуына санаулы-ақ күндер қалғандығы колхоз басшыларын тіпті қың жылтар емес.

Егіс жұмыстарына әзірлік ауданның Ворошилов атындағы (председателі Жәнев жолдас), Киров атындағы (председателі Нояндин жолдас) колхоздарында да мүлде қанағаттанғысыз. Бұл колхоздарда қар тоқтату, тыңайтқыш заттар дайындау жұмыстары көшіркісіз артта қалған. Бұл жөніндегі тағайындалған жоспар қанағаттанғысыз орындалуда. Көктемгі егіске қажетті тұқым қорын тазалау, сорттау және оны шығымдылық сапаға жеткізу жайында да осыны айтуға болады. Аталған колхоздардың әрқайсысында құйылған тұқым қорының бар болғаны 25—30 проценті ғана тазаланып, өңгіштік сапаға жеткізілген.

Көктемгі егіске әзірлікте, әсіресе, тұқым дайындау және егістік алаңға қар тоқтату жұмыстарында МТС-тер колхоздарға зор көмек көрсетуге тиіс еді. Алайда, аудан МТС-терінің жұмыстың аталған уақыттарына қатысуы мүлде қанағаттанғысыз. Бұл жағдай аудан партия, совет ұйымдарына, әсіресе, аудандық ауылшаруашылық бөліміне өбден белгілі. Солай бола тұрса да олар көктемгі егіске әзірлікте МТС-тердің жұмысын жақсарту, сөйтіп, дала жұмыстарына әзірлікті ойдағыдай аяқтау жөнінде күні бүгінге дейін тиісті шаралар қолданбай келеді. Ал, мұның өзі ауданда көктемгі егіске әзірліктің төзгісіз баяу жүргізілуіне әкеліп соғып отыр.

Көктемгі егіске әзірлік жұмыстарын аяқтайтын мезгіл жетті. Олай болса, Октябрь ауданының басшылары барлық күш-мүмкіншілікті өнімді пайдаланып, көктем

### Колхозшылардың белсенділігі

Бітік егін өсіру қысқы агротехникалық шараларды мінсіз жүзеге асыруға, көктемгі егіске әзірлікті тыңғылықты ұйымдастыруға тығыз байланысты. Осыны жете түсінген «Бірік» ауылшаруашылық артелінің (Ленин ауданы) егіншілері егіске әзірлікті ерте қолға алды. Соның нәтижесінде мұнда бірқатар игілікті жұмыстар істелді.

Егін шығымдылығын арттырудың негізгі шарттарының бірі — тұқым тазалау. Колхозда жұмыстың бұл учасында ондаған колхозшылар қажырдылықпен еңбек етуде. С. Қымыранова, Қ. Бабаева, Ш. Ақмағанбетова жолдастар тұқым тазалаудың озаттары болып саналады.

Колхозда 600 гектар егістік алаңға қар тоқтатылды. Әрине, бұл қар тоқтатуға бөлінген колхозшылардың үздік еңбегінің игі нәтижесі. Колхозшылар егістік учас-тоқтерге негізінен қарды қалқандар, шырпылар мен бұталар арқылы тоқтатып жүр. Сол сыяқты, олар қар жыртқыштарды да күнбе-күн тиімді пайдаланып отырады.

Көктемгі егіске әзірлік жұмыстарының басқа салаларындағы колхозшылар да күн сайын өнімді еңбек етіп жүр. Мысалға ұс-таларды алуға болады. Олар ауылшаруашылық құрал-саймандарын мінсіз жөндеп, алдағы дала жұмыстарына әзір етіп жатыр. Мұнда бірнеше сеялка, 30 тырма, 5 ат-пугі және тағы басқа көлік объек-дері жөндеді.

Колхозшылар қол жеткен табыстарын баянды ете отырып, алдағы уақытта еңбек өнімділігін бұдан да жоғары көрсететінді-гінде ешбір күмән жоқ.

Ш. ӘЛЖАНОВ.

### Ізгі мақсат үшін

Возвышен совхозының № 2 бөлімшесінің коллективі егіске жақсы әзірленуде. Солардың бірі — слесарьлар В. Ткачев, С. Буц және Е. Ткачев жолдастар. Бу-



тырма жөделі шығарды. Совхоз жұмысшылары дән газартқыштарды тиімді пайдалана білуің арқасында 9865 центнер тұқымдық дақылды тазалап, оны өңгіштік сапаға жеткізді.

Бөктемгі егістің дер кезінде және жерарғы сапада өткізілуі негізінен МТС-тердің жұмысына, олардың техника қуатын толық пайдалана білулеріне байланысты. Мұны жақсы түсініген Интернационал және Приешім МТС-терінің механизаторлары тракторларды және оның тіркеу саймандарын жөндеу жұмысын сапалы жүргізуде.

Алайда, облысты тұтас алғанда көктемгі егіске әзірліктің барысы әлі де болса қанағаттанғысыз. Оның себебі — кейбір аудандардың, колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың басшыларының жайбарақаттыққа салынып, егіске әзірлік жұмыстарына нақтылы басшылық етпейтіндіктерінде, егіске әзірлік жұмыстарында жүркен қолхозшылар мен жұмысшылар арасында еңбекті дұрыс ұйымдастыра алмай отырғандықтарында болып отыр.

Бөктемгі егіске санаулы ғана күндер қалды. Солай бола тұра да, Октябрь ауданының көп колхоздарында егіске әзірліктің барысы өте-өте баяу. Мәселен, Сте-

пан ауданында бұл еңбегінің да жүре назар аударуға тиіс. Егістік алаңға көктемгі қар суын бөгу, жергілікті тыңайтқыштарды жеткілікті мөлшерде әзірлеу және оны егіс алаңына тасу сыяқты жұмыстарды осы бастан қолға алу қажет.

Кейбір жерлерде жауапсыздықтың салдарынан қолда бар тұқымды күтпей, оны шірітін жіберуге жол берілген. Мұндай жағдай Преснов ауданының бірсыпыра колхоздарында бар. Мұның өзі мемлекет алдында зор қылмыс болып саналады.

Облыс еңбекшілерінің алдында тұрған бүгін таңдағы аса маңызды міндет — көктемгі егіске барлық жағынан мұқият әзірлену, колхоздарды, совхоздарды қажетті тұқыммен толық қамтамасыз ету, тракторларды, оның тіркеу саймандарын және басқа да ауылшаруашылық құрал-саймандарын сапалы жөндеуден өткізіп, егіс жұмыстарына тыңғылықты әзірлеу. Егіске әзірлік жұмысындағы егіншілер арасында еңбекті дұрыс ұйымдастыру, сөйтіп, егісті агротехникалық қысқа мерзімде жоғары дәрежеде өткізуге жетілеу, осылардың негізінде дақылдың барлық түрінен тұрақты және мол өнім алу.

Барлық егіс көлемінен тұрақты және мол өнім алу үшін жүрсейің!

Бәзір бригада жұмыс істейтін 5 трактордың 4-і жөнделіп болды. Сол сыяқты, 6 плуг, 6 сеялка, 3 лущильник жөндеді. Бийыл бригада маман механизаторлардарымен тығайтылады. Әрбір трактормен екі сменада жұмыс істейміз. Трактордың жұмыс өнімділігін арттыру, трактор жұмыстарының түсер құнын кеміту, егін өнімін арттыру мақсатымен сағаттық график пен стахановтық маршрутты кеңінен қолданамыз. Бұған кәзірден бастап әзірлік жүргізілуде. Осыған лайықтап жұмыс жоспары да жасалып жатыр.

Сөз жоқ, осы шараларды жүзеге асырып, үстіміздегі жылы тракторлардың жұмыс өнімділігін еселеп арттырамыз, трактор жұмыстарын мерзімінде, сапалы атқарамыз. Бұл сүйікті Отанымыздың экономикалық күш-қуатын арттыра беру ісіне біздің қосқан зор үлесіміз болмақ.

**Е. ГЛУШКО.**

Шағыл МТС-ның № 6 трактор бригадасының бригадирі.

сынақта жеткілікті жұмыстарының болуындағыдай ұйымдастырылмаған. Мұнда қолда бар тұқымның небары 19 проценті тазаланып, өңгіштік сапаға жеткізілген. Бұл колхозда тұқымдық жұмыстарды тазалап, себу дәрежесіне жеткізуге күш-мүмкінші-

лі егіске әзірлік жұмыстарын таяудағы күндердің ішінде ойдағыдай аяқтауға жетісуге міндетті.

**А. ЖОЛДЫҒАРИН,**

**МАРЬЕВНА (өз тілшіміз).**

## Кемшіліктер тез жойылсын

Совет ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» ауылшаруашылық артелиінде көктемгі егіске әзірлік баяу жүргізіліп келеді.

Барлық егіс көлемінен мол және тұрақты өнім алуда егістік жерге ылғал жыйнаудың зор маңызы бар. Алайда, бұл колхозда егістік алаңға қар тоқтату жұмыстары нашар ұйымдастырылған. Жоспар бойынша 1000 гектар егістік участкаға қар тоқтатылуға тиіс болса, осы күнге дейін небары 200 гектар жерге ғана қар тоқтатылған. Бұл жұмыстардың өзі агротехникалық талаптарға сай жүргізілмеген.

Сол сыяқты, мұнда жергілікті тыңай-

тқыштар жыйнау ісі қолға да алынбаған. Ауылшаруашылық құрал-саймандарын жөндеу жұмысының қарқыны өте баяу. Құрал-саймандардың жөндеу сапасы мүлде төмен.

Егіске әзірлікте мұндай кемшіліктерге тиіпті де тезуге болмайды. Ендеше колхоз басшылары барлық күш-мүмкіншілікті пайдаланып дала жұмыстарына әзірлікті тез және сапалы аяқтауға жетісуге тиіс. Бұл үшін олар еңалдымен егіске әзірлік жұмыстарына басшылықты негізінен жақсартуға міндетті.

**Қ. СЫРЛЫБАЕВ.**

лар ауылшаруашылық құрал-саймандарын жөндеушілер. Бұл істе аталған жолдастар өздеріне тағайындалып берілген күндік норманы үнемі 130—150 проценттен кем етіп орындамайды. Сол сыяқты, ұста А. Вехтор жолдас та күн сайын біржарым екі норма орындап, жөндеу жұмысында жоғары көрсеткіштерге жетісіп жүр.

Озаттардың қажырлы, әрі өнімді еңбегі нәтижесінде бөлімшеде ауылшаруашылық саймандары толық жөнделіп, алдағы дала жұмыстарына әзір етілді. Мұнда 18 сеялка, 19 ат плугі, 10 культиватор 115 тырма толық жөндеуден өтті. Жөндеу сапасы да жақсы. Дән газартқыш және елегіш машиналары тиімді пайдалануда. Соның арқасында мұнда қолда бар 11 мың 252 центнер тұқымдық дақылдың 9 мың 865 центнері тазаланып, өңгіштік сапаға жеткізілді. Бөлімшеде 1 мың 200 егістік участкаға қар тоқтатылып, 170 тонна қар төгілді.

**Б. ЖАҚЫПОВ.**



# Туған елімізде



## Горькийдің туғанына 85 жыл толуы қарсаңында

ТБИЛИСИ, 20 март. (СОТА). Грузия еңбекшілері ұлы орыс жазушысы, совет әдебиетінің негізін салушы А. М. Горькийдің туғанына 85 жыл толуын атап өтуге әзірленуде. Мәдени-ағарту мекемелерінде және оқу орындарында әңгімелер өткізілуде, данышпан жазушыны еске түсіруге арналған әдебиет көштері өткізілуде.

Грузияда совет халқының сүйікті жазушысының өмірі және қызметімен байланысты көптеген ескерткіш орындар бар. А. М. Горький Грузияға тұңғыш рет 1891—1892 жылдары келген болатын. Ол жылдары Горький Тбилисінде бір жылдан аса уақыт тұрып, осы уақыт ішінде Телавиде, Горида- Боржомиде, Кутаисиде, Батумида; Сухумиде, тағы басқа қалаларда болды. Тбилисіндегі Елара Цецкин көшесіндегі (бұрынғы Елизаветинская көшесі) № 146 үйдің алдына мемориалдық тақта орнатылды. Тақтаға 1892 жылы жазда Горький осы үйде тұрды, деп жазылған. Максим Горький «Кавказ» газетінде 1892 жылы 12 септябрьде өзінің «Макар Чу-

дра» деген тұңғыш әңгімесін жариялады. Осы газеттің 242 номерінің бір данасы кәзір Грузияның мемлекеттік музейінде сақталады.

Ұлы орыс жазушысы Грузия мәдениетімен тығыз байланысты болатын. Ол көрнекті грузин қоғам қайраткерлерімен және жазушылар — Э. Пиношвилимен, А. Церетелимен, тағы басқаларымен кездесіп, грузин театрының көрнекті қайраткері режиссер Г. Марджанишвилимен жақын дос болатын. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында Горькийдің сол кезге дейін басылып шыққан шығармалары түгел дерлік грузин тіліне аударылған болатын.

А. М. Горькийдің кітаптары Грузияда совет өкметі орнағаннан кейін мейлінше көптеп таратылды. Совет өкметі жылдарында ұлы жазушының шығармалары грузин тілінде 125 мың данадан астам болып басылып шықты. Бұлардың ішінде «Менің университеттерім», «Ана», «Артамон-тардың ісі», тағы басқа шығармалары бар.

## СТАЛИНГЕ АРНАЛҒАН КӨРМЕ

ГЛУБОБОЕ. (Шығыс Қазақстан облысы). Ертіс мыс балқыту заводы партия комитетінің кітапханасында Иосиф Виссарионович Сталиннің өмірі мен қызметіне арналған көрме ашылды. Көрмеге ұлы көсемнің суреттері, фотографиялары, көптеген шығармалары қойылған.

Алғашқы күні көрмеге металлургтердің жұмысшылар поселкесінің көп еңбекшіле-

рі келді. Олардың көп келгендігі сонша, көрмеге коллектив болып келуге алдын ала заявқалар қабылдауды ұйымдастыруға тура келді.

Заводтың балқыту және механика цехтарынан, жұмысшы жастардың көпші мектебінен, әртүрлі ұйымдардан онға жуық заявқа түсті. (ҚазТАГ).

## Г. М. Маленков, Л. П. Берия және В. М. Молотов жолдастардың Иосиф Виссарионович Сталинді жерлеген күні қаралы митингте сөйлеген сөздері азербайжан тілінде басылып шықты


БАКУ, 22 март. (СОТА). Азербайжанның мемлекеттік баспасы Г. М. Маленков, Л. П. Берия және В. М. Молотов жолдастардың Иосиф Виссарионович Сталинді жерлеген күні 1953 жылғы 9 мартта, Қызыл алаңда қаралы митингте сөйлеген сөздері жеке брошюралармен азербайжан тілінде басып шығарды.

Брошюралар көптеген тиражбен шығарылуда және ол брошюралар колхоздарға, МТС-терге, совхоздарға, кәсіпорындарына жіберіледі.

## Қарақұмдағы жаңа ормандар

АШХАБАД, 21 март. (СОТА). Түркияның орман шаруашылықтары Қарақұмның құмдарында агролесомелиорация жұмыстарын аяқтады. Бес мың жарым гектар жерге сексеул, қандым, черкез, егілді Ерте егілген жерлерде бұлардың тұқымдары көктем шыға бастады. Таулық Қарақұм орман шаруашылығында төтті миңдаль бақшасын отырғызу аяқталды.

Түркияның орман шаруашылықтары бір жарым мың гектарға жуық алаңға ағаштар отырғызады.



МОСКВА. Ленин тауларындағы Москваның Мемлекеттік университетінің тұрғын үй құрылысы. (СОТА-ның фотохроникасы). Суретті түсірген Н. Грановский.

## «АПШЕРОН» ТАНКЕРІНІҢ АНТАРКТИКАҒА САПАРЫ

ОДЕССА, 21 март. (СОТА). Бүгін қара теңіздік «Апшерон» танкері Одесса — Антарктика — Одесса сапарын ойдағыдай аяқтады. Ол портқа «Слава» кита аулау флотилиясының теңізшілері аулаған мыңдаған тонна кита майын жеткізді.

«Апшеронның» сапары өте қиын метеорологиялық жағдайларда өтті. Сапардан қайтып оралған жолында теңізшілердің кей кездерде 11 балға жеткен қатты толқынды жеңуіне тура келді.

## Кендір заводтарындағы жаңа жабдықтар

ЯГОСЛАВЛЬ, 21 март. (СОТА). Облыстың кендір заводтары жаңа техникамен қаруландырылуда. Кендір өндіретін онбір кәсіп орнында қуатты локомобильдер орнатылған. Угличскіде, Большесельскіде, Харинскіде және басқа да заводтарда кендір жабдықтар жаңартылды. Көптеген кәсіпорындарында кендір өндіретін агрегаттардың конструкциясы жаңартылып, конвейерлер жөндеді және жұмысқа қосылды.

Пошехоно-Володарск кендір зауытының коллективі кәзір күн сайын жоспардан тыс мың килограмнан артық кендір шығаруда. Көптеген бригадалар тапсырманы 150 процент, ал Скороходова жолдастың бригадасы сменасына екі норма орындап отырады. Тутавск кендір зауытында жаңа жабдықтар еңбек өнімділігін арттырумен бірге, кендір шығаруды арттыруға және кендір өнімдерінің сапасын арттыруға мүмкіндік берді.

## ТЕННИС БОЙЫНША БҮКІЛОДАҚТЫҚ ЖАРЫС

21 мартта, Москвада «Динамо» стадионының жабық теннис алаңында 1953 жылғы теннис бойынша Бүкілодақтық жарыс басталды.

Жарысқа Москваның, Ленинградтың, Украинаның, Грузияның, Эстонияның, өзбекстанның және басқа да одақтас республикалардың 50-ден астам ең күшті теннисистері қатысады.



# Еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің бірінші сессиясы

Март айының 23-24 күндері еңбекшілер депутаттары Солтүстік Қазақстан облыстық Советінің (төртінші сайланған) бірінші сессиясы болды. Сессияны депутат Н. С. Бобров жолдас ашты.

Депутат Бобров жолдас осы жылы 5 мартта, 9 сағат 50 минутта ССР Одағы Министрлер Советінің Председателі, Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің Секретары, біздің партиямыз бен совет халқының кеменгер көсемі, бүгін дүние жүзі еңбекшілерінің ең жақын досы Иосиф Виссарионович Сталин жолдасын қайтыс болғаны туралы хабарлады. Сессияға қатысушылар адамзаттың асқан данышпаны, коммунизмнің сөз жеткізшісі Н. В. Сталин жолдасын жарқын бейнесін орындарынан тұрып еске түсірді.

Депутат Бобров жолдас осы жылғы 14 мартта Чехословак Республикасының президенті және Чехословакия Коммунистік партиясының председателі, Совет Одағының адал досы Клемент Готвальд жолдасын ауыр наукастан кейін қайтыс болғанын хабарлады. Депутаттар Клемент Готвальд жолдасын жарқын бейнесін орындарынан тұрып еске түсірді.

Сессияның председателігіне депутат Г. В. Лосев жолдас, секретарлығына В. Д. Шелудиса жолдас бірауыздан сайланды.

Сессияның күн тәртібі бірауыздан бекітілді: 1. Ұйымдастыру мәселелері, 2. Советтердің ұйымдастыру-бүқаралық жұмыстарының жайы және оны жақсарту шаралары, сайлаушылардың аманаттарын жауапта асыру жөніндегі міндеттер туралы.

Сессия мандат комиссиясын сайлады. Мандат комиссиясының председателі депутат А. С. Пешелуев жолдас 1952 жылғы 1 мартта болып өткен облыстық Советтің сайлауының қорытындылары туралы баяндама жасады.

—Облыстық Советтің сайлауын өткізу жөнінде, — деді Пешелуев жолдас, — 71 сайлау округі құралған еді, сайлау барлық сайлау округтерінде өткізілді және Қазақ ССР Конституциясына, жергілікті Советтердің сайлауы жөніндегі Ережеге толық сәйкес жүргізілді. Барлық сайлау округтері бойынша сайланған 71 депутаттың бәрі де коммунистер мен партияда жоқтардың сталиндік бөлігінің кандидаттары болып табылады. Облыстық Советтің депутаттарының ішінде 55 адам Совет Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған, бір адам Совет Одағының батыры, екі адам Социалистік Еңбек Ері.

Жергілікті Советтердің сайлауы, соның ішінде облыстық Советтің сайлауы еңбекшілердің зор саяси белсенділігімен өтті. Дауыс беру тізіміне енгізілген барлық сайлаушылардың 99,99 проценті сайлауға қатысты. Сайлауға қатысқан барлық сай-

ландықтардың басқармасының бастығы — М. М. Аверин жолдас, саяси және колхоздық құрылым басқармасының бастығы — В. И. Волошин жолдас, автомобиль басқармасының бастығы — С. И. Шелунов жолдас, жергілікті өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі — А. А. Соколов жолдас, сауда бөлімінің меңгерушісі В. П. Сербулов жолдас, жергілікті отын өнеркәсібі бөлімінің меңгерушісі — В. Д. Ефимов жолдас, облыстық Совет атқомінің председателі жағындағы кадрлар секторының меңгерушісі В. С. Семидоцкий жолдас.

Осы сияқты сессия облыстық Советтің 7 тұрақты комиссиясын құрып, олардың мүшелерін бекітті.

Бұдан кейін сессия облыстық соттың құрамын сайлады. Облыстық соттың председателігіне Б. Ф. Аношин, председателдік орынбасарлары болып Г. К. Әбдіразақова, И. В. Тначенно жолдастар сайланды. Облыстық соттың мүшесі болып сайланғандар: В. Ф. Чуйко, В. Н. Епанчинцева, И. А. Красюков, Е. Ы. Сарбаев, Н. А. Сауранбаев жолдастар. Облыстық соттың халық заседательдерінің құрамы 135 адамнан сайланды.

Сонымен қатар, сессия жол бойындағы соттың халық заседательдері құрамын 40 адамнан сайлады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқомінің председателі Оспанов жолдас баяндама жасады. Облыс еңбекшілерінің сталиндік бесінші бесжылдықтың міндеттерін орындау жолындағы қажырлы еңбектерін, жергілікті Советтердің бұқара арасындағы ұйымдастырушылық ролдерін айта келіп, баяндамашы облыстың шаруашылық және мәдени жұмыс салаларының барысына толық талдау жасады. 1952 жылы облыстың өнеркәсіп орындары жылдық өндірістік жоспарды артығымен орындады, колхоздар мен совхоздар 1951 жылға қарағанда егіс көлемін інағұрлым арттырып, бітік егін өсірді, мол өнім жыйнады. Мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындап, быйылғы жылғы көктемгі егіске қажетті тұқым қорымен қамтамасыз етілді. Колхоздарды заттай және ақшадан кірісі молайды.

Алайда, шаруашылық және мәдени құрылым саласында қол жеткен табыстарымыз бола тұрса да, ол бізді мүлдем қанағаттандырмайды. Өйткені, облыстық өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының, сауда жұмысының, оқу, мәдени-ағарту жұмыстарының ұйымдастырылуы бүгінгі күннің талаптарына, партия алға қойған міндеттер дәрежесіне толық жауап бермейді. Бірсыпыра кәсіпорындары өндірістік тапсырмаларды жетілде дәлме-дәл орындауына ишкі зат пен материалдардың

жөнінде қарады. Осының өзінде облыстық Советтің ұсынған мәселелерінің көпшілігін қарауға мүмкіншілік болмады. Өйткені, облыстық Совет кейде ең аяғы ұзақ мәселелерге дейін, тіпті біздің ауданның өмірімен байланысы жоқ мәселеге дейін атқомінің мәжілісінде қарауды ұсынады. Осының салдарынан түрлі мәжілістермен уақыт өтіп, ұйымдастыру жұмыстарына мүмкіндік болмайды. Облыстық, аудандық Советтердің атқомі ісін орындалуын ұйымдастыру жұмысымен көп шұғылдануы қажет.


Облыстық финансе бөлімінің бастығы депутат Петров жолдас өзінің сөзін финансе тәртібін қатаң сақтау, жергілікті бюджеттің кіріс және шығыс статьялары бойынша толық орындалуы жөніндегі мәселелерге арнады.

Ленин аудандық Советі атқомінің председателі депутат Бірімжанов жолдас облыстық Совет атқомі өзінің бөлімдері мен басқармаларының жұмысқа жауапкершіліктерін арттыруына, олардың тілектерін орындап аудандық атқомілерге сансыз директивалар жазумен болатынын айтып, оған мысалдар келтірді. Бірімжанов жолдас сөзінің соңында аудандық Совет атқомінің председателдерімен, басқа да басшы совет қызметкерімен семинарлар өткізіп, оларды совет жұмысының практикалық мәселелеріне үнемі үйретіп отырудың қажеттігіне тоқталды.

«Интернационал» МТС-нің бас инженері депутат Довяковский жолдас сессияға қатысушылардың назарын көктемгі егіске өзінше жұмыстарын үлгілі жүргізу мәселесіне аударды. Көктемгі дала жұмыстарының үлгілі ұйымдастырылуы, дәлі оқ, трактор паркінің кезінде және сапалы жөндеуіне байланысты. Алайда, Мамлют ауданында ондаған тракторлар жөндеуден шыққан жоқ. Мамлют механикалық жөндеу мастерскойы жіберілген моторларды кезінде жөндемей өзінің қоймасында айдап сақтайды. Барлық күш-мүмкіндікті толық пайдаланып, тракторлардың қысқа мерзімде толық жөндеуін қамтамасыз етуіміз қажет.

Довяковский жолдас сөзінің соңында баяндамашы Оспанов жолдасын колхоздарда мал азығын дайындау жөнінде арнаулы бригадалар құру жөніндегі ұсынысын толық қуаттады. Мұндай арнаулы бригадалардың болуының, дәлі оқ, мал азығының тұрақты базасын жасау үшін зор маңызы бар. Мұны біз тәжірибеден көрдік. Өткен жылы Вильяме атындағы колхозда мал азығын дайындау жөнінде арнаулы бригада жұмыс істеді. Осының нәтижесінде колхоз мал азығының қажетті қорымен толық қамтамасыз етілді.

## ОБЛЫСЫМЫЗДА



Солтүстік Қазақстан облыстық өлшеу аспаптарының комитетінде сауда мекемелерінен, кәсіпорындардан, колхоздар мен совхоздардан дұрыстығын анықтау үшін әкелінген таразылар мен кірлердің барлық түрлерінің дұрыстығы байқалады. СУРЕТТЕ: мемлекеттік байқаушы-комсомолец А. Васьюко жолдасын үлгілі таразымен кірлердің дұрыстығын байқап тұрған кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

### Колхоздағы мәдениет орны

Совет ауданындағы «Совет» колхозында клуб жөндемей, ол ұзақ уақыт бойына жұмыс істемей келді. Колхоз бастауыш партия ұйымы бұл мәселеге жете көңіл бөліп, колхозшылардың мәдениетті демалуына қолайлы жағдай туғызудың тиісті шараларын қарастырды. Колхоздан қажет-

ті мөлшерде қаржы бөлініп, клуб сапалы жөнелді, сөйтіп ол жуырда колхозшылардың пайдалануына берілді. Қазір колхозшылар жұмыстан бос уақыттарында колхоз клубына жыйналып, мәдениетті демалады, жаңа кинофильмдер көріп тұрады.

### Мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлерінің семинары

Жуырда Преснов аудандық мәдениет үйі мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлерінің екі жұмалық семинарын өткізді. Семинарға қатысушыларға И. В. Сталин жолдасын СОКП-ның XIX съезінің қорытынды мәжілісінде сөйлеген тарихи сөзі мен оның «ССРО-да социализмнің экономикалық про-

блемалары» атты данышпандық еңбегі туралы, тағы басқа да тақырыптарға бірнеше лекциялар оқылып, баяндамалар жасалды. Сергиенко, Боекин, Быковская, Гаврилов тағы басқа жолдастар өздерінің іс-тәжірибелерін ортаға салды.

### Механизаторлардың оқуы

Октябрь ауданындағы Торонғұл МТС-інде механизаторлар даярлайтын курс бар. Оны Петров жолдас басқарады. Курста 64 адам оқиды. Олардың көпшілігі трактор бригадасының бригадирлері, тракторшылар мен комбайншылар. Олар курста оқып, белгілі бір мамандық

алып шығады. Трактор, комбайн және басқа да ауылшаруашылық машиналармен жұмыс істеу өнеріне жетіседі. Курстың тыңдаушылары оқу программасын ойдағыдай меңгеріп жүр.

У. КАСЕНОВ.

### Ағаш питомнигінде

## Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 22 март. (СОТА). Корея Халық Демократиялық Республикасының Халық армиясының Бас командованиясы бүгін Корея Халық армиясының құрамалары және қытай халық еріктілерінің бөлімдері өткен күні американ-ағылшын интервенттеріне және лисынманшыл әскерлерге қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізді деп хабарлады.

Кеше түнде американ авиациясы Чхвэчжиннің бейбіт тұрғын көшелерін қатты бомбалады және пулеметтен атқылады.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолетін аңдып атқыштар дұшпанның 6 самолетін атып түсірді.

## Бейбітшілікті жақтаудың бүкілжапониялық конференциясының ашылуы

ШАНХАЙ, 21 март. (СОТА). Жапон радиосының хабарына қарағанда, бүгін Токиода бейбітшілікті жақтаудың бүкілжапониялық конференциясы ашылған. Конференцияның жұмысына 600-ге жуық адам — кәсіподақтар, діни және басқа да ұйымдардың бейбітшілікті қорғаудың жапондық комитеті байланыс Бюросының өкілдері қатысады.

Сөз сөйлеген Жапонияның көрнекті прогрессивтік қайраткері Хоаси, Сакурак, Хирано және Миякоси халықтардың соғысқа қарсы, бейбітшілік үшін күресі туралы айтты.

Конференцияда түрлі елдердің бейбітшілікті жақтаушылар ұйымдарынан тасқа кұттықтаулар оқылды.

## Оңтүстік Кореяда еңбекшілердің ауыр жағдайы

ЛОНДОН, 22 март. (СОТА). Рәйтер агенттігінің Пусаннан берген хабарына қарағанда, бүгін Оңтүстік Кореялық шахтерлер өкмет орындарына ультиматум тапсырған, онда өкмет орындары еңбек ақы төлеу жөнінде олардың талабын орындамас ереуіл жариялайтындықтарын білдірген. Қәсіподақ басшыларының бірі, үкмет бақылауындағы көптеген шахталарда екі-үш ай бойына еңбек ақы төленбей келгендігі мәлімдеді.

## Түркиядағы жер сілкірудің салдары

СТАМБУЛ, 21 март. (СОТА). Газеттер-



жаушылардың 99,72 проценті коммунистер мен партияда жоқтар бөлігін ұсынған кандидаттарына дауыс берді.

Сессия мандат комиссиясының барлық сайланған депутаттардың өкілдіктерін дұрыс деп табу жөніндегі баяндамасын бір-ауыздан мақұлдап бекітті.

Бұдан кейін сессия облыстық Совет атқару комитетінің председателін, оның орынбасарларын және атқару комитетінің секретарын сайлады. Сессия облыстық Совет атқару комитетінің председателі етіп, депутат **Қабаш Ырысбайұлы Оспановты**, председателдің бірінші орынбасары етіп, депутат **Андрей Андреевич Калининді**, председателдің орынбасарлары етіп, депутаттар **Ефим Васильевич Цимбалды**, **Ольга Александровна Сошникованы** бірауыздан сайлады. Облыстық Совет атқару комитетінің секретары болып депутат **Едіріс Тағирұлы Зайтов** сайланды.

Сессия облыстық Совет атқару комитетінің мүшелерін 11 адамнан сайлады. Оның құрамында облыстық Совет атқару комитетінің председателі мен оның орынбасарлары және атқару комитетінің секретарымен бірге депутаттар **Н. С. Бабров**, **С. Б. Ниязбеков**, **Д. М. Омеляненко**, **Ф. И. Петров**, **А. В. Щербанов**, **С. А. Ақжанов** жолдастар бар.

Сонымен қатар, сессия облыстық Совет атқару комитетінің бөлім меңгерушілері мен басқарма бастықтарын бекітті: финансы бөлімі меңгерушісі — **Ф. И. Петров** жолдас, әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің меңгерушісі — **Н. И. Кравченко** жолдас, халық ағарту бөлімінің меңгерушісі — **А. В. Щербанов** жолдас, денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі — **С. А. Ақжанов** жолдас, су шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі — **А. В. Сирстов** жолдас, жоспарлау комиссиясының председателі — **Д. А. Шкарупа** жолдас, коммуналдық шаруашылық бөлімінің меңгерушісі **Г. П. Маркелов** жолдас, жол бөлімінің меңгерушісі — **А. С. Дягиль** жолдас, жалпы бөлімнің меңгерушісі — **И. З. Ширшов** жолдас, искусство істері бөлімінің меңгерушісі — **М. В. Осипов** жолдас, мәдени-ағарту жұмыстары бөлімінің меңгерушісі — **А. М. Овчинников** жолдас, ауылшаруашылығы басқармасының бастығы — **Д. М. Омеляненко** жолдас.

## Ұйым жұмысындағы елеулі кемшіліктер

Жыйналыс жастардың тәрбие мектебі. Бірақ, Ленин атындағы колхоз комсомол ұйымында жыйналыс комсомолдері шынықтырып, тәрбиелейтін мектеп деп қаратпайды. Оқта-текте шақырылатын жыйналыстарда қабылданған қаулылардың орындалуы комсомолдерден талап етілмейді. Комсомолдердің істегі жауапкершілігі арттырылмаған.

Кәзір колхозда мал шаруашылығын өркендетудің жауапты кезеңі — мал қыстату

үнемделін жұмсалыуына жетісе алмай келеді. Колхоздар мен совхоздарда ауылшаруашылық дақылдарынан тұрақты және мол өнім алу міндетінің орындалуы мүлде қанағаттанғысыз. Осы сыяқты қоғамдық мал шаруашылығын өркендету мәселесінде де облыс жылма-жыл артта қалып келеді. Осыған қарамастан кәзір көп жерлерде көктемгі егіске әзірлік және мал қыстату жұмыстары мүлде нашар ұйымдастырылып отыр. Бұл кемшіліктердің бәрі жергілікті Советтер мен олардың атқару комитеттерінің ұйымдастыру және бұқаралық жұмыстарының дәрежесі әлі де болса төмен екенін дәлелдейді. Жергілікті Советтердің сайлауы аяғында сайлаушылар өздерінің жыйналыстарында депутаттыққа кандидаттарға облыстың экономикасы мен мәдениетін оған әрі жақсарту жөнінде бағалы ұсыныстар жасап, 2 мыңнан астам аманаттар тапсырды. Алдағы міндет сайлаушылардың аманаттарын мұлтқисіз орындап, шаруашылық және мәдени құрылыс саласына басшылықты мейлінше жақсарту, сөйтіп, сталиндік бесжылдықтың міндеттерін жүзеге асыруда табыстан-табысқа жете беру болып табылады.

Баяндама бойынша қызу жарысөз басылды.

Полудень аудандық Советі атқару комитетінің председателі депутат **Засыпкин** жолдас өзінің сөзінде өткен жылы Тоқшын селолық советінің ауыл-селолық Советтердің республикалық социалистік жарысын ұйымдастыруда инициатор болып, қол жеткен табыстарын, сондай-ақ аудан еңбекшілерінің өткен жылы егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру жөніндегі бастамасын айта келіп, онда не болған табыстарға тоқталды. Мұнан кейін ол сайлаушылардың аманаттарын баяндады. Аудан да мал қыстату маусымы мен көктемгі егіске әзірлік ісінде орын алған кемшіліктерді айтты.

—Егер советтердің, — деді ол, — ұйымдастыру және бұқаралық жұмысының дәрежесі жоғары болса, біздің кемшіліктеріміз анағұрлым аз болған болар еді. Рас, бізде мәжілістер мен сессиялар жиі болады. Өткен жылы аудандық Совет атқару комитетінің 36 мәжілісі болды, онда 500 ден астам мәсе-

маусымы өткізілуде. Осындай маңызы зор іске комсомолдер қатыспай келеді. Қоғамдық мал шаруашылығын барған сайын өркендету, малды күту ісіне комсомолдер мен жастарды қатыстыруды алдымен Сейтзадиновтың өзі ойламайды, жоспарламайды. Бұл істе жергілікті партия, совет ұйымдарымен колхозға көмектеспейді.

Комсомол ұйымы жұмысының өз дәрежесінде еместігін колхоз бастауыш партия ұйымы жақсы біледі. Бірақ, пар-

Облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі депутат **Щербанов** жолдас өзінің сөзінде мектептерде оқу-тәрбие жұмысының жақсын жақсарту, оқушылар кадрларын толықтыру, оларды даярлау және қайта даярлау, политехникалық оқуды жүзеге асырудың әзірліктері мәселелеріне тоқталды. Ол селолық, ауылдық, аудандық Совет атқару комитеттерінің халық-ағарту ісіне нақтылы басшылық жасаулары қажет екендігін ескертті.

Петропавл аудандық Советі атқару комитетінің председателі депутат **Ыбраев** жолдас ауданның жергілікті Советтердің үшінші сайлауы мен төртінші сайлауы арасындағы экономикалық және мәдениет өміріндегі болған зор өзгерістерді баяндады. Еңбекшілердің күн санап өсіп отырған рухани талаптары әрбір елді пунктте электр жарығының, радионың, кітапхананың, клубтың және басқа да мәдени ошақтарының болуын қажет етеді. Біз осы талаптарға сай жұмыс істеуіміз керек.

«Бұлақ» колхозының председателі (Ленин ауданы) депутат **Агажанов** жолдас колхоздарда шөптанашты ауылшаруашылығын өсіріп, жүйесінің дұрыс белгіленуінің, бұл жөнінде мамандардың көмегі қажет екенін айтты.

Преснов аудандық Совет атқару комитетінің председателі депутат **Манаров** жолдас алыс ауданмен байланыс жұмыстарын жақсартудың, бұл үшін қысқы уақытта самолеттер жүруінің қажеттігіне тоқталды. Ол егін шаруашылығының мәдениетін арттыру ісіне агрономдардың жауапкершілігін күшейту жөнінде облыстық ауылшаруашылық басқармасына орынды талап қойды.

Депутат **Ақжанов** жолдас Советтердің тұрақты комиссияларының жұмысына басшылық пен бақылауды күшейтудің шараларына тоқталды.

Бұл тәртібіндегі мәселені талқылауға депутаттар **Омеляненко**, **Жақыпов**, **Нухаренов**, **Звягин** және Мамлют аудандық Совет атқару комитетінің орынбасары **Беланков** жолдастар қатысты.

Сессияға қатысушылар талқыланған мәселелер бойынша нақтылы шаралар белгілеп, қаулы алды.

тия ұйымы комсомол ұйымының жұмысын жақсарту үшін күнбе-күн басшылық жасауды, осы арқылы комсомолдерді партия ұйымына жауынгер көмекші етіп пайдалануды ұмытқан.

Партия ұйымы жоғарыдағы комсомолдерді коммунистік рухта тәрбиелеу ісін жақсартуға міндетті.

**А. СЕРҒАЗИН,**

**ҚКП Октябрь аудандық комитетінің нұсқаушысы.**

Мамлют ағаш питомнигінің жұмысшылар коллективі көктемде ағаш отырғызуға қызу түрде әзірленуде. Алдымыздағы көктемде жаңадан ағаш отырғызу үшін мұнда пар және зябь дайындалып, қысты күндері өткен жылдардағы ағаш отырғызылған алаңдарға, жыртылған пар мен зябьке қар токтатылды.

## Ірі ұтыстар

Үстіміздегі жылы Ленин аудандық жыйнақ кассалары заем ұстаушыларға көптеген ірі ұтыстар төледі. Олардың ішінде 200, 500 және 1 мың сомдық ұтыстар бар.

Жуырда Киров атындағы колхоздың мүшесі **Любовь Ивановна Чеснокова** жолдас жыйнақ кассасына келіп, өзінің облигацияларын тексертті. Ол ССРО халық шар-

уашылығын өркендетудің мемлекеттік заемінің (1951 жыл шығарылуы) 200 сомдық облигациясына 5200 сом ұтыс алды.

Аудандық жыйнақ кассасы үстіміздегі жылдың басынан бері заем ұстаушыларға барлығы 123 мың сомның ұтыстарың төледі.

## ЖАҢА КИНОАППАРАТ САТЫП АЛДЫ

Кожухов аудандық кинофикация бөлімі «КПСМ» маркалы жаңа киноаппарат сатып алды. Бұл аппарат 200 адам сыяғындай үйге орнатуға бейімделген.

Жаңа киноаппарат кинофильмдердің сапалы көрсетілуін және кино плеикаларының экранда көрсетілу шыдамдылығын арттырды.

## Жаңа кітаптар

«Қазқнижторг» магазиніне көптеген саяси және көркем әдебиет кітаптары түсті. Олардың ішінде төмендегідей кітаптар бар:

1. **В. И. Ленин**. Фридрих Энгельс (қазақ тілінде) Қазақтың мемлекеттік баспасы. 1953 жыл. 35.000 дана. 14 бет. Бағасы 15 тыйын.

2. **В. И. Ленин**. Кооперация туралы (қазақ тілінде) Қазақтың мемлекеттік баспасы. 1952 жыл. 35.000 дана. 112 бет. Бағасы 12 тыйын.

3. **А. Косульников**. РСЖДП-ның Писезі (қазақ тілінде) Қазақтың мемлекеттік баспасы. 1952 жыл. 25.000 дана. 174 бет. Бағасы 2 сом 20 тыйын.

## „Ленин туының“ дабылынан кейін

## „Алаяқтардың айласы“

Газетіміздің 1952 жылғы 12 декабрьдегі санында осы тақырыпта фельетон жарияланған еді. Онда облыстық автомобиль басқармасының бастығы **С. Шелкуновтың** мемлекет қаржысын талан-таражға салған **Усинский**, **Иванов**, **Яровой** тағы басқалардың қылмыстарын көре-біле тұра оларды қызғыштай қорып, қанатының астына алып келгені сыңға алынған болатын.

Фельетон облыстық Советі атқару комитетінің мәжілісінде талқыланып, мекемеге дұрыс басшылық етпей, мемлекет қаржысын өз бетімен иемденушілерге ешқандай шара

қолданбағаны үшін облыстық автомобиль басқармасының бастығы **С. И. Шелкуновқа** қатаң сөгіс жарияланды.

Мұнымен бірге, облыстық Советі атқару комитеті Шелкунов жолдасты қылмыстардың материалын тезінен зерт орындарына беріп, олардан келтірілген зиянды төлетіп алуға міндеттеді.

**Е. ЦИМБАЛ,**

Еңбекшілер депутаттарының облыстық Советі председателінің орынбасары.

дің хабарларына қарағанда, жер сілкінуінің салдарынан бүлінген аудандардың **Вилает Чанаккале**дағы **Енидже** елді пункті толық қыйраған. 698 адам қазаға ұшырап, 2 мыңға жуық адам жараланған.

Генен (**Вилает Балыкесир**) елді пунктінде 57 адам қазаға ұшыраған. Чан (**Вилает Чанаккале**) елді пунктінде 20 адам өлген.

Сол сыяқты, жер сілкіну болған аудандарда бірнеше деревня қыйраған. Өлген адамдардың жалпы саны және мүлік шығынының мөлшері әзір анықталмаған.

## ИНДИЯ ОҚИТУШЫЛАРЫНЫҢ ЕРЕУІЛІ

**ДЕЛИ**, 21 март. (СОТА). «Хиндустан стандарт» газетінің хабарына қарағанда, Уттар Прадеш штатындағы орта және бас-тауыш мектептердің 85 мың оқытушысы жалақыны арттырып, тұрмыс жағдайды жақсартуды талап етіп, ереуіл жариялаған.

Редактор **Ф. МУХАМЕДЖАНОВ.**



«УДАРНИК» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын  
«ЕРЛІК»

Сеанс сағат 4-те басталады.  
Касса сағат 3-тен бастап ашық.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын  
«КУБАНЬ КАЗАҚТАРЫ»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.  
Касса сағат 3-тен бастап ашық.

Автомобиль транспорты Министрлігінің облыстық автомобиль басқармасының автомобиль базасында жұмыс істеу үшін: шоферлар, автомобиль слесарьлары, моторшылар, қанытқышылар, аккумуляторшылар, ағаш шеберлері, карбюраторшылар, автомобиль техниктері, механиктер, нормировщиктер, үнемдеушілер, бас бухгалтерлер, аға бухгалтерлер, бухгалтерлер **КЕРЕК**.  
Адрес: Петропавл қаласы, Қызылту көшесі, 117-үй.

Петропавл қаласы, Театр көшесі, 33-үйде тұрушы **Мария Никитична Лоскутова**, Петропавл қаласы, Куйбышев көшесі, 49-үйде тұрушы **Федор Иванович Лоскутовтан** айрылатыны жөнінде арыз берді.

Е Петропавл қаласындағы 2-участокта халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.